

Көкшетау облысының Василькова кен орнында бағалы металдар шығаратын өндірісті дамыту үшін шет ел инвестицияларын тарту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 20 ақпан N 2220. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Көкшетау облысының Васильковка кен орнында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері мен озық технологияны пайдаланып алтын шығаратын өнеркәсіпті одан әрі дамыту үшін шет ел инвестицияларын тарту мақсатында
қ а у л ы е т е м і н :

1 . < * >

2 . < * >

Ескерту. 1,2-тармақтардың күші жойылды, 3-4-тармақтар тиісінше 1,2 болып саналды - Қазақстан Республикасы 1996.01.05.

Президентінің N 2749 жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Васильковка кен орнында бағалы металдарды барлауға, өндіру мен ұқсатуға жағдай жасау жөніндегі шаралар жиынтығын әзірлеп, халықаралық қабылданған стандарттарға сай келетін және Қазақстан Республикасының мүдделерін қамтамасыз ететін жобаны жүзеге асыруға арналған кепілдіктер жүйесін көздейтін болсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті